

формирование мировоззрения, познавательные потребности студентов. А последние важны для самообразования, формирования потребности в учении.

ЛИТЕРАТУРА

1. Касымов, Н. Программа экологического образования / Н. Касымов, Н. М. Иргебаева, А. С. Бейсенова, А. Б. Бигалиев, И. Н. Нугманов, Б. В. Муханова, А. Г. Сармурзина, К. Х. Бекмаганбетова, К. А. Сарманова, М. М. Тулемтаев, Ж. Чилдебаев // Республиканский издательский кабинет Казахской академии образования им. И. Алтынсарина. – Алматы. – 1999. – 66 с.
2. Теплов, Б. М. Психология / Б. М. Теплов // Гос. учебно-пед. издательство министерства просвещения РСФСР. – М., 1954. – С. 151...178.
3. Ушинский, К. Д. Родное слово / К. Д. Ушинский // Книга для учащихся. Собр. соч. – Т.6. – С. 256.
4. Петров, К. М. Общая экология / К. М. Петров // Взаимодействие общества и природы: Учебное пособие для вузов. – 2 изд., стер. – СПб. : Химия. – 1998. – С. 139.
5. Менешев, Д. Г. Судьба Арала / Д. Г. Менешев. // Социально-экономические проблемы региона. – Уральск. – 1990. – 40 с.

ӘОЖ: 371.32: 82.085: 373.3

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗША ШЕШЕН СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Ә. С. Мұханбетқалиев, М. С. Ержақыпов, ізденушілер

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада орта мектеп оқушыларының шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың кейбір қырлары зерделеніп, қазіргі орта мектептегі шешендіктану курсының қажеттілігі дәлелденеді. Шешендік білік-дағдыларды қалыптастыру жұмыстары мектеп оқушыларының тіл ұстарту жаттығуларының тиімді түрі ретінде ұсынылады.

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты формирования навыков ораторской речи школьников, аргументируется необходимость курса риторики в средней школе. Упражнения по формированию риторических навыков в статье рекомендованы в качестве эффективных форм работ по развитию речи школьников

Some aspects of formation of oratorical speech skills at pupils are considered and necessity of rhetoric course at secondary school is reasoned. Exercises on formation of rhetoric skills are recommended in the article as effective forms of work on speech development of pupils.

Орта мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі күн өткен сайын дамып өркендеуде. Отандық ғылым мен білім үдерісі өзге елдермен интеграциялық байланыста жүріп жатыр. Өзге мәдениет, өзге діл ұстанған елдерден қазақ елінің салт-дәстүрлеріне қайшы келмейтін, ұлттық сана-сезімге дұрыс келетін әлем білімінің озық әдіс-тәсілдерінің, жаңа инновациялық технологияларының ұлттық білім беру салаларына көптеп енгізілуінен қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының ұтылмасы анық. Бұл қадам арқылы қазақ елінің болашақ ұрпақтарының білімі әлем алды елдері білімімен тең болады. Сондықтан қазіргі кезеңде орта мектептерде қазақ тілін дәстүрлі емес сабақтар арқылы оқыту тәжірибелері жүріп жатыр. Бұлар - қазақ тілін оқыту мәселесін жетілдіруді көздеген қадамдар. Себебі, қазіргі кезеңдегі

әдістеме Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында көрсетілгендей, «...білім алушылардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етуі...» қажет [1, 22 б.].

Орта мектеп оқушыларының ауызша шешен сөйлеуге дағдыландыру және оны жетілдіру – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Ертеңгі күнгі тіліміздің хал-жағдайын бүгіннен ойлап, алдымен ауызша шешен сөйлеуге балаларды бірінші сыныптан бастап дағдыландыру арқылы ғана қазақ тілін таза күйінде сақтауға болады. Бұл тұрғысында зерттеуші Ф. Оразбаева былайша пайымдаған: «Қажеттіктің бір себебі – жалпы мәдениетіміздің, оның ішінде тіліміздің әлеуметтік қызметінің дамуында болып отыр. Сол дамуға талаптың да күшеюінде болып отыр. Бұл - бір. Екінші жағынан, бұрынды-соңды қазақша тіл, сөйлеу мәдениеті деген мәселелер қазіргідей белгілі бір мақсат көздеп, кең түрде жан-жақты сөз болған емес. Сондықтан кезегі жеткен жайт болып отыр. Үшінші бір себебі, жасыратыны жоқ, ауызша шешен сөйлеу практикамызда не білместіктен, не немқұрайдылықтан, не өзге себептерден қабақ шыта қынжылар кейбір ақаулар етек алып бара жатқандығынан болып отыр» [2, 92 б.].

Орта мектеп оқушыларының ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастырудың жоғарыда айтылған жайттардан басқа да бірнеше маңызды қажеттіліктері бар. *Біріншіден*, орта мектеп оқушыларының ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың адамгершілік қасиеттері тәрбиеленіп, жеке бас тұлғасын ізгілендіруге болады, *екіншіден*, топ алдында қысылмай сөйлеуге дағдыланған оқушының бойында лидерлік қабілет жетіліп, өзіндік ой-пікір айтуға үйренеді, *үшіншіден*, айтар сөзін, жазар ойын нақты әрі толық жеткізуге дағдыланған оқушы сабаққа қызығып, білім үлгерімі жоғарылайды, *төртіншіден*, сөйлер сөзінде әрбір сөзді орнымен, өз мағынасымен қолдануға дағдыланған шәкірт ертеңгі күні қазақ тілінің мәртебесін көтерер ұлттық тәрбие негіздерімен сусындайды.

Мектеп оқушыларының ауызша шешен сөйлеу дағдыларын мақсатты түрде әрбір сабақ сайын әдістемелік жүйеде қалыптастырып отырған жағдайда ғана олардың пәнге деген қызығушылықтары оянып, сабақтағы белсенділіктері артады. Сонымен бірге балаға ауызша шешен сөйлеу барысында ым, ишара, дауыс ырғағы, жылы жүзбен жымиюдың аса маңызды әсері туралы И.М.Юсупов былай дейді: «Педагогикалық қарым-қатынаста балаға қарап жымию баламен диалогтың ең қажетті құралы болып табылады» [3, 157 б.]. Сөйлесетін адамың неғұрлым жас болса, ол өзінің іс-әрекетіне үлкендердің соғұрлым үнсіз де жылы жымиыспен баға беруін қажетсінеді. Тек қана оқу үдерісінде ғана емес, жай қарым-қатынастарда да оқушыларды жылы жымиыспен ынталандырудың маңызы зор.

Бұл мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық, әлеуметтік жағдайларға байланысты. Балалар мақтағанды ұнатады, құрбыларының алдында өзін көрсеткісі келеді. Сондықтан оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында неғұрлым кішіпейіл, өзі мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты гуманистік бағытта ұстаса, соғұрлым алдына қойған мақсатқа тезірек жетеді.

Орта мектепте қазақ тілінің заңдылықтарын оқып-үйрену барысында балалардың өздерінің сөйлеу дағдылары да ұштала түседі, олар өз ойларын ауызекі және жазба тілде бейнелеп, өзгелердің сөзін толық түсінуді үйренеді және тіл туралы материалдар осы тілді қолданудың ең жарқын үлгісі болып табылатын әдеби туындылар, жеке-жеке бөліктер арқылы түсіндіріліетін тіл теориясы - осының бәрі қазақ тілі пәнінде интегративті ұштастырыла меңгертіледі. Осыған орай бағдарламада көрсетілгендей негізгі мақсат – оқу дағдысының негізін қалау: тыңдауға, айтуға, оқуға, жазуға үйрету; балалардың тілдік заңдылықтар туралы түсінігін қалыптастыру; сөзді, сөйлемді, мәтінді дұрыс оқуға үйрету, сауатты жазу негізін қалыптастыру, өз бетінше оқуға,

кітапқа қызығушылығын ояту; ауызша диалогтік және монологтік сөйлеуін дамыту баса назарға алынады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру мәселесі аз зерттелген. Жалпы, ауызша шешен сөйлеу дағдыларын айқындау ісі күні бүгінге дейін бір тоқтамға келген жоқ.

Мектеп оқушыларының ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының көздеген басты мақсаты - шәкірттердің білімдік, тәрбиелік біліктерін жетілдірумен қатар, олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, тілдік қарым-қатынаста сөйлеген сөздерінде жаргон, варваризмдер мен қыстырма сөздерден арылту. Осы мақсатқа сәйкес мектеп оқушыларының ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен мәтіндер жүйесі оқу бағдарламасының мазмұнына лайықталып құрылуы тиіс. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын сатылап, жеңілден қиынға қарай қағидасын негізге алып жүргізген дұрыс. Оқушыларда төмендегідей ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тиімді:

1. Мектеп оқушыларының айтатын ойларын жинақы әрі толық жеткізу дағдысы. Оқушылардың ауызша шешен сөйлеу тілінде айтылатын ойларына қатысы жоқ сөздер көптеп кездеседі. Кейбір сөйлемдерде бір сөз бірнеше рет қайталанып, оқушының не айтайын деп тұрғанын түсініксіз етеді. Ондай кемшіліктер баяндаушының ауызша сөйлеу дағдысының төмен екендігін көрсетеді. Оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда олардың айтатын ойларын жинақы әрі толық жеткізуі маңызды рөл атқарады. Бұл үшін мынадай мәселелер ескерілуі керек:

- оқушыдан өз ойын шашыратпай, жинақы айтып беруі талап етіледі;
- сұрақ-жауап әдісі арқылы шағын диалог немесе монолог құрғызу жолдары;
- қазақ тілінен алған білімдері мен біліктерін пайдалана алуы.

2. Оқушылар тілінің басқа тілдерден енген сөздерден таза болу дағдысы. Оқушылар сөйлеген сөздерінде басы артық сөздермен қатар, кірме сөздерді көп қолданады. Оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда басы артық, қыстырма сөздерді қолдануларын жою. Оқушылар сөйлеген сөздерінде *жаңағы, сол, сол сияқты, келятыр, баратыр, сосынғы, i-i-i-i* т.б. жаргон сөздер мен *уже, вообще, ну* деген сияқты кірме сөздерді жиі пайдаланады. Сондықтан оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруда оқушылардың сөйлеген сөздерінде кездескен кірме сөздердің қазақша баламасын түсіндіруді, оқушыларға асықпай, әр сөзін орынды қолдану жолдарын үйрету, күнделікті көшеде, қоршаған ортасында қолданылып жүрген жаргон сөздердің зиянын айтып ұғындыру, оқушылардың тілдік қатысымда орфоэпиялық заңдылықтарды қатаң сақтауын қалыптастыру, оқушылар сөйлеген кезде орфоэпиялық заңдылықтарды қатаң сақтау қажеттігін үйреткен жөн деп есептейміз. Оқушылар сөздерінде кездесетін тағы бір кемшілік - олар кітапта не оқулықта қалай жазылса, сол түрінде айнытпай оқиды. Бұл дұрыс емес. Мұндай жағдайда сөйлеген сөздің нақышы кетеді.

Бұл тұрғыда Ф.Оразбаева төмендегідей ой қорытқан: «Сөйлеу үстінде сөздер бір-бірімен «тіл табысып», үндесіп, үйлесіп жатады. Ол үйлесімдік үшін сөздердің кейбіреулері бір-екі дыбысын «сіндыруға», өзгертуге, тіпті жоғалтуға дейін барады. Ал жазылғанда бұлар «сынбай», өзгермей, жоғалмай тұруы мүмкін. Сондықтан әрдайым қалай жазылса, сол түрінде оқуға болмайды. Дұрыс жазу мен дұрыс айту әрқашан бірдей түспейді. Қалай естілсе, сөзді солай жазу қандай қате болса, қалай жазылса, сірестіріп солай оқу сондай өрескел қате болып табылады» [2, 56 б.].

Демек, біздің мақсатымыз - оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыруда олардың орфоэпиялық заңдылықтарға сәйкес ауызша шешен сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Оқушылардың сөйлеген сөздерінде, тілінде кездесетін тағы бір кемшілік - күнделікті сөйлеу тілінде жауыр болған, әбден ести-ести құлаққа түрпідей тиетін дайын формаларды пайдалануы. Сонымен бірге тілдерінде мақал-мәтелдерді аз қолдануы. Негізінен олар мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп тұрса да, оны сөйлегенде пайдаланбайды. Мұндай кемшіліктер бала тілінің әсерлілігін бәсеңдетеді. Сонымен қатар оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда олардың сөйлеу әуендеріне, сөзді нақышына келтіріп сөйлеуіне қатты назар аударылады. Әрбір ойдың, сөйлеген сөздің өзіне тән әуені болады. Мысалы, сұраулы сөйлем мен лепті, хабарлы сөйлемдердің әуендері бірдей болмайтынындай, айтылатын ойға қарай сөйлеу тілінің де өзіндік әуені болады.

Оқушылардың ауызша шешен сөйлеу тілдерінде кездесетін тағы бір кемшілік - өз ойын дәлелді айтып бермеуі. Мұндай кемшіліктің болуына үш түрлі фактор әсер етеді. Біріншісіне - оқушылардың жұрт алдында сөйлеу дағдыларының болмауы, яғни олардың басқа адамдардың арасында ұялуы, қысылуы; екіншісіне - оқушылардың тілдік норманы сақтамауы. Сөйлеген сөздерінде әдеби, диалект, жаргон сөздерді араластырып, сөйлемдерін дұрыс құрмауы, үшіншісіне - балалардың тіл байлығының төмен болуы, бұл жерде сөздік қорында неше сөз бар деген мәселе емес, бала тіліндегі мақал-мәтелдердің, тұрақты тіркестердің, әдеби тілдің көркемдеуіш құралдардың аз болуы жатады. Сондықтан оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда бұл мәселеге баса назар аударылуы тиіс.

Жоғарыда аталған жайттардың барлығы мектеп оқушыларының ауызша шешен сөйлеу дағдыларының қалыптасуының негізгі белгілеріне жатады. Ескеретін бір жайт, ауызша шешен сөйлеу дағдыларының қалыптасу белгілерінің барлығы бірден, бір сабақта, бір сыныпта ғана қалыптасып біте қоймайды, сатылана, бірте-бірте қалыптасады. Мысалы, оқушылар тілі басқа тілден енген кірме сөздерден, қыстырма сөздерден варваризмдер мен жаргон сөздерден таза болса ғана тыңдаушыға әсерлі жетеді. Сондай-ақ өз сөзін нақты әрі қысқа жеткізіп үйренген оқушы айтатын сөзін де жан-жақты дәлелдей алады. Бұл айтылғандардан ауызша шешен сөйлеудің аталған негізгі белгілері осы ғана екен деген ой тумауы керек. Сонымен қатар, оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыруда олардың эстетикалық талғамдарымен қатар, сөздерді орынды, мағыналық ренктеріне қарай өз орнында қолдана алу талғамдарының болғаны да ерекше маңызға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы, // Қазақстан жоғары мектебі. – 2004 – № 1.
2. Оразбаева, Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі / Ф. Оразбаева. – Алматы: РБК. – 2000. – 208 б.
3. Юсупов, А. В. Педагогическое общение: Теория и практика учебного диалога на уроках словесности / А. В. Юсупов. – М. : Знание – 1999.

Айдар:
Рубрика:

Жоғары білім беру жүйесіндегі риторика
Риторика в системе высшего образования

Жалпы ауызша шешен сөйлеу шеберлігі – жоғары оқу орындарында кәсіби маман даярлаудың ажырамас бөлігі. Әсіресе, еліміздегі нарықтық кезеңде мемлекет саясатын жұртшылыққа ұғындыруда, қоғамдағы демократиялық үрдісті жете түсіндіруде жоғары сапалы, шынайы ауызша шешен сөз сөйлеу шеберлігінің мәні тіпті ұланғайыр. Демек, ауызша шешен сөз сөйлеу шеберлігі-лектордың, насихатшының, кәсіби маман иесінің, студенттің қоғамдық көзқарасының мызғымастығы мен таным көкжиегінің, жан-жақты даярлығының тұңғыш қорытпасы, олардың жоғары эрудициясы мен шешендік білім, білік және дағдылар жиынтығын қамтыр мәдениеті.

Ендеше, бүгінгі таңдағы өзекті мәселеге қатысты ғылыми түйін, практикалық кеңес бағытындағы әңгімемізді жалғастырамыз. «Жоғары білім беру жүйесіндегі риторика» айдары бойынша алғашқы мақала «Ғылым және білім» журналының 2009 жылғы №4 санында (122-127-б.б.) жарияланды. Ендігі кезекте көтерілген мәселенің жалғасы ретінде әріптестеріміздің назарына 2-мақаланы ұсынамыз.

ӨОЖ: 808(574)

СӨЗ СӨЙЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ТІРЕК САУАЛДАР МЕН АЛҒЫ МАҚСАТТЫ ЖҮЙЕЛЕУ ТАЛДАМАСЫ

А. С. Қыдыршаев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада сөз сөйлеуге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу мәселесі шешендіктану (риторика) теориясы мен практикасы негізінде таратылады. Нәтижеде ауызша сөйлеу арқылы әсер ету моделі қарастырылып, шешендік сөздегі ой ұшығын екіше әдістемесі әзірленген.

В статье рассматривается алгоритм систематизации целеоснов и ключевых вопросов ораторского искусства на началах теории и практики по знаниям риторики. Особенно большое внимание уделено разработке моделей по активизации мыслительных операций в риторике эстетики и этики устной разговорной речи.

The algorithm of ordering of the purposes and key questions of oratory based on the theory of knowledge rhetoric practice is considered in this article. Great attention is paid to development of models on activation of thought operations in rhetoric, esthetic and ethics of oral spoken speech.

Шешендік сөз қашан да белгілі бір мақсатты көздейді. Сөйленер сөзді дәл үйлестіру – сөздегі ой ұшығын дөп мөлшерлеу, негізгі ойды басынан аяғына дейін қалай дамыта өру турасында пайымдау. Бұл орайлас ой еңбегі, Аристотельше, сөзді

логикалық тұрғыда құрастыруға сәйкесті «материалды табу» деп аталған. Ал М. В. Ломоносов ой ұшығының астарын «идеяны ойлап табу» тұрғысында түйіндеген.

Дәріс сәтіндегі ой ұшығы талдамасы технологиясын тарамдау-дәріс тақырыбын терең түсіну және дәріс жоспарын талдап әзірлеу кезеңіндегі шығармашылық үрдісті ұйымдастыруға қомақты үлес [1, 2, 3, 4].

Ал шешендіктану туралы еңбектер мен нақты бірегей шешен тәжірибелерін жан-жақты терең талдау нәтижесі шешендік іс-әрекеттің күллі конструкциясы белгілі бірізділікпен шешімі табылатын жеті түрлі тірек сауалға сүйенетіндігі жөніндегі қорытындыға жетелейді. Бұл ауызша сөйлеу арқылы әсер етудің моделін ұсынуға мүмкіндік береді (*1-сурет*). Ал тірек сауалдардың әрқайсысына сипаттама берсек, төмендегіше болар еді:

Біріншіден, «неге сөйлеймін?» сауалы тақырыпты терең тарамдаудың қажеттілігін аңғартады. Тілге тиек болып отырған проблемаға қатысты көзқарастар жүйесін (тұжырымдама) анықтауды, негізгі ойдың шекарасын белгілеуді, оның сөз сөйлеудің әлеуметтік міндеттерімен үйлесуі мен дәріс мақсатын анықтауды аңғартады.

Екіншіден, «не туралы сөйлеймін?» сауалы тақырыптың қилы арналары ішінен сөйленер сөз мақсатына сәйкес басты ойды елеп-екшеп іріктеп алуды білдіреді. Бұнда идея ұшқынын алып жүруші «өзек» – дәрістің басты тезисі ұшталады.

Үшіншіден, «қанша сөйлеймін?» сауалы сөйлеу нысанын шектеу туралы сөйленер сөздің мазмұнындағы басты тұсты іріктеп алуды, сөйлеу нысанын бөлшектеуді не негізгі ойды бірнеше бағытқа бөлуді міндеттейді. Сондай-ақ сөйлеу сәтінде айқара ашылуға тиісті конструктивтік сауалдарды жүзеге асыру межеленеді. Демек, алғашқы реттегі үш сауалды тірек ету тыңдаушыларға әсер ету стратегиясын құрайды.

Төртіншіден, «кімге сөйлеймін?» сауалының нысанасы тактиканы таңдамас бұрын барлау мақсатына байланысты бағыттама беруі тиіс. Демек, нақтылы бір аудиторияға әсер ету амалдары мен тәсілдерін дұрыс таңдау қажеттілігін аңғартады.

Бесіншіден, «қайда сөйлеймін?» сауалы да тыңдаушылармен қарым-қатынас жағдайы мен орнынан туындата отырып сөйлеу тактикасын, сөз сөйлеудің құрылымын алдын-ала анықтайды.

Алтыншыдан, «қалай сөйлеймін?» сауалы арқылы адамдардың ақыл-ойына, ұғым-түсінігіне, сенімі мен сезіміне әсер етудің стилі, мейлінше бірден-бір сәйкесті амалы ойластырылатыны түсінікті. Айғақтаманың барша тактикасы осы сауалдың жауабында ғана тоқайласқан.

Жетіншіден, «не айтамын?» сауалында нақты айғақтамалар, дерек көздері, мысалдар басты ойдың дәлелдеу құралдарын құрайды. Олар стратегия мен тактикадан туындатыла отырып іріктеледі және шешендік сөздің күллі конструкциясының мейлінше өзгермелі бөлігін құрайды.

Осы жеті сауалдың тұңғығына бойлай білу – Платонның «жанды тіршілік иесі» туралы ойын жете тану да. Бірінші кезеңде, алғашқы үш тірек сауалға сәйкесті дәріс тақырыбын шегелей анықтай отырып, шешен-лектор сөйленер сөздің стратегиялық ой ұшығын ашады. Платон сөзімен айтсақ, «басы мен кеудесін» немесе «айналасына сөйленер сөз топтастырылатын өзекті» құрайды. Философиялық-әдіснамалық ойлау қабілеті осы алғашқы үш сауалға жауап беру арқылы ғана дамиды. Сол себептен де бұл сауалдар оқытушыға дәріске, баяндамаға даярлану тұсында көбірек қиындық туғызады [1].

Қысқасы, *мінбедегі шешен-лектор сөзі* – ұзаққа созылатын шешендік іс-әрекеттің өнімі. Ол нақтылы мақсатқа жетуге орайлас белгілі бағытқа межеленген болуы тиіс. Стратегия дәріс тақырыбының дамуына бағыттама береді. Сөз сөйлеу мен оған даярлық кезеңдеріндегі ілгергі жұмыстардың мазмұнын алдын-ала анықтайды. *Дәріс жоспары* - белгіленген стратегия да.

Тәжірибеде оқытушылардың тезисті тақырыптан ажырата, дәріс мақсатын сауатты жүйелей алмайтынын жиі ұштастыруға болады. Мәселен, дәріс үшін алғы кезекте белгілі

мақсаттың болуы міндетті емес деген тұжырымды естудің өзі күлкі тудыратын аса қынжылысты жағдай. Бұлай ойлаушылардың пікірінше, оқытушы бағдарламаға сәйкесті материалды баяндап беруші ғана, оның негізгі рөлі де осы іспеттес. Сәйкесінше, «Сіздің дәрісіңіздің мақсаты қандай екендігін айтыңызшы?» деген сауалға, көбіне-көп: «Мен ... туралы баяндап беруге тиіспін. Маған ... жөнінде айтуға тура келеді», – деп, дәріс, баяндама, хабарламаларының тақырыбын айтады. Көпшілік лекторлар оқу және тәрбиелік мақсаттардың айырмашылық ерекшеліктерін ажырата тануда қиналады. Егер де шешен-лектор өз сөйлер сөзінің мақсатын тақырыппен шатастыратын болса, онда ол өз күш-жігерін еркінен тыс барлық алдын-ала межеленбеген жағдайларда да белгілі тақырып бойынша оқу материалын айтып шығумен ғана шектеледі.

Егер де шешен-лектор өз алдына тыңдаушылардың алға қойған мақсатына әсер етуді, белгілі бір межеленген мінез-құлыққа ұмтылдыруды, түсінікті қалыптастыруды, диалектикалық тұрғыда ойлау мен тұжырым жасай білу қабілетін дамытуды мақсат етіп қойса, онда ол өзінің бар күш-жігерін, күллі іс-әрекетін тек осы нәтижеге жетуге бағыттайды. Бұндай жағдайда мәтіннің құр дыбысталуы емес, онда адам санасын дамыта отырып әсер ету жүзеге аспақ.

Дәріс барысында сөзінді дәл бағыттап отыру ерекше маңызды. Бұл сөйлеу арқылы әсер ету ой ұшығының талдамасын әзірлеуді қажет етеді. Шешендік іс-әрекеттің алғашқы кезеңдегі сөз сөйлеудің стратегиясына сәйкесті шешен-лектор жұмысының жалпы жүйелігі *3-кестеде* көрсетілген.

Дәріс жоспарын немесе стратегиясын талдап әзірлеу – өз алдына *«неге сөйлеймін?»*, *«не туралы сөйлеймін?»* және *«қаниша сөйлеймін?»* іспеттес нақты үш сауалды қоя білу.

Шешен-лектордың ойлау іс-әрекеті бір мезгілде алгоритмделуі мүмкін емес. Дегенмен де ой ұшығын електен өткізудегі жұмыстарды жүйеге келтіру мен оны жете түсіну үшін, бірқатар белгілі бір жүйелікке, ойлап табу әдістемесіне сүйенуге кеңес беріледі. Осылайша сәйкесті шешендік дағдыларды жетілдіру көзделеді.

Ал сөйленер сөздің тақырыбы мен алға қойылған мақсатын анықтай түсу жөнінде не айтуға болады? Жалпы шешен-лектор даярлығының басы-тақырыпта қамтылатын материал мазмұнына ие болу. Материалдың көл-көсір болып келері түсінікті. Жинақталған барлық материалдардың ішінен нақты аудиторияға қажеттісін ғана іріктеп алуда саяси тұжырымдар, бұйрық-ұйғарым, оқу ісіндегі басты міндет және пәннің, оқылатын курстың бағдарламасында жазылған нақты мақсаттар баса ескеріледі. Демек, тақырып пен алғы мақсатты анықтай түсу – неге сөйлейін деп жатқаныңды түсіну.

Егер де оқытушы оқу материалын еркін түрде жете білсе, осы сала маманы болса, сондай-ақ шешеннің айтар тың мәліметтері болса, аталмыш мәселені шешу қиын емес. Ал бұндайда мәселеге үстірт қараушы лекторға, не ұзын құлақ мәліметтеріне сүйенушіге, не қызмет бабына сәйкесті немесе жоғарғылардың тапсыруымен сөз сөйлеушілерге өте қиын.

Барша тақырып атаулы өзіндік атауымен-ақ бір ғана аймақта қарастырылуы мүмкін болмас өмірлік құбылыстар мен үрдістердің шеңберін, кең мөлшердегі мәліметтерді қамтиды. Сол себептен де барлық мүмкін болар бағыттардың ішінен бірден-бір маңызды проблеманы /өзекті мәселені/ екшеп ала білу жөн. Оны аудиторияның қызығушылығы мен қажеттілігіне сәйкестендіре үйлестіре, сөйленер сөздің мақсатына орайластыра білу аса қажет.

Тәжірибеде көбіне-көп сөйленер сөздің нысаны ойластырылмай құрастырылған тақырып түйіндемелерімен жиі ұшырасамыз. Бұндай жағдайда оқытушыға қалай-солай екшеусіз қалыпта алынған тақырыптың астарында не жатырғанын түсіну үшін, көп тер төгуге, осы орайлас қалыптан абыройлы шығу үшін, біршама амал-тәсілдерге жүгінуге тура келеді. Тақырып жүйелі қалыпқа келуі үшін, шешен-лектор сөйлеу нысанының мәніне терең бойлауы тиіс. Ол үшін шешен-лектор сан алуан түсіндірмелерге, пайымдамаларға жүгінуге тиіс. Тақырыпты екшей түсу нәтижесінде ілгергі дәріс мазмұны туралы жалпы түсінік қалыптасады. Салыстырмалы тұрғыда таразыласақ, бұл шешен-лектордың межелі мақсатына сәйкесті орасан үлкен бәйтеректің бір арна-тармағын тандап кесіп алып, оның

бұтақшаларынан қолжазба материалын даярлауы және әлі де шашыраңқы күйде ойда жүрген нысандарды белгілей түсуі іспеттес.

Шешен-лектор тек тақырыпты талдаумен шектеліп, сөйленер сөздің тыңдаушыға ұғынықты да үйлесімді жетуі туралы ойламауы мүмкін емес. Сөйленер сөз тыңдаушылар үшін әзірленеді. Ендеше, ең болмағанда алдын-ала аудитория туралы мәліметтерді білу, тыңдаушылар үшін тақырып өзектілігіне көз жеткізу міндетті. Жобаланып отырған аудиторияға бағыт ұстану аса қажетті. Алғашқы кезекте, шешен-лектор тақырып бойынша тыңдаушыларға не белгілі екендігін білуі тиіс. Болашақ сөйленер сөздің мазмұнына аудиторияның қандай көзқараста болатыны туралы анық аңғарымының болғаны дұрыс. Қарастырылып отырған мәселеге сәйкесті тыңдаушылардың пікірімен таныс болу аса пайдалы. Тек осындай жағдайда ғана өз сөз сөйлеуіннің мақсатын нақтырақ және мейлінше тиімді нәтижеге жетерліктей қалыпта анықтауға болады [3, 5, 6]

Алға қойылған мақсат – барша жанды сөздің басы. Ой ұшығын екшеп әзірлеу кезеңінде шешен-лектор акпараттандыру, сендіру, үйрету, іс-әрекетке шақыру және тағы басқа қалыптағы жоспар үлгісіндегі **жалпы мақсатты** анықтайды. Белгілі мөлшерде жалпы алға қойылған мақсаттардың үйлесе, жымдаса келуі әбден мүмкін. Жалпы мақсатта нәтижелі жетістіктердің мөлшері белгіленбейді. Бұл тек нысана жобасы ғана.

Нақты оқу мақсаты тыңдаушы нені меңгеруге, нені сезінуге, нені өзгертуге және орындауға тиісті екендігін дәл көрсетуі тиіс. Егер де жалпы алға қойылған мақсат бір ғана тіркеспен-ақ (мәселен, көңілін көтеру) білдірілетін болса, ал нақты мақсат тұтас тіркесті сөйлеммен (фразамен) бейнеленеді (Мәселен, естен кетпестей әсер туғызу немесе эстетикалық әсерге бөлеу). Дәрісте нақты мақсаттың толық түйіндемесінің болуы міндетті. Тек нақты түрде қабылданған мақсат ғана адамның зейінін, оның барлық интеллектуалдық іс-әрекетін негізгі ойға қарай бағыттайды. **Мақсатты нақтылау** – шынайы нәтижені белгілеудегі саналы пайымдау. Мәселен, бұл орайдағы нақты мақсатты белгілеудің үлгілері төмендегіше:

1. Егер де **жалпы мақсат** - белгілі бір нәрсе туралы **мәлімет беру (ақпарат ұсыну)** болса, онда **нақты мақсаттар** төмендегіше болмақ:

- шешендіктануды ойланып шебер сөйлеу іс-әрекеті технологиясы ретінде қарастырудың тиімділіктері туралы **әңгімелеу**;
- қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетінің төмен болуының себептері туралы **хабарлау**;
- өз міндеттерін орындауға жүрдім-бардым қараудың жағымсыз нәтижелері туралы **таныстыру**.

2. Егер де **жалпы мақсат** - бір нәрсеге **сендіру** болса, ондағы **нақты мақсаттар** төмендегіше:

- шешендіктану бойынша жүргізілер машықтық жұмыстардың ертеңгі кәсіби маманның шешендік білік-дағдыларын қалыптастыруға септесеріне сенімділігін арттыру амалдары туралы жете түсіндіру;
- шешендік өнерге баулу ісінде жаңа әдістер мен жұмыс түрлерін қолданудың қажеттілігін дәлелдеу;
- жаңа әдістеменің ұтымды да оңтайлылығын **көрсету**.

3. Егер **жалпы мақсат** – бір нәрсеге **үйрету** болса, онда төмендегідей **нақты мақсаттар** өздігінен сұранады:

- шешен-лектордың /оқытушының/ шешімін негіздеуге сәйкесті ғылыми-теориялық бағдарлаудың әдістемесін ұсыну;
- шешендіктану пәніне бөлінген сағат мөлшерінің аздығына байланысты студенттердің өздігінен жұмыс жасауы туралы практикалық ұсыныстар беру;

- аудиториямен қарым-қатынасыңды әркез реттеп отырудың амалдары мен тәсілдеріне машықтандыру;

4. Егер де **жалпы мақсат – іс-әрекетке шақыру** болса, онда **нақты мақсаттар** төмендегіше:

- шешендікке қатысты білім, білік-дағдыларды аса жауапкершілікпен, жігерлікпен оқып-үйренуге студенттерді құлшындыру;
- шешен сөйлеу шеберлігін меңгеру белсенділігін көтеру;


5. Тәжірибелік мақсаттар:

- ана тілін сүйеге, ана тілінде шешен сөйлеуге тәрбиелеу;
- ертеңгі кәсіби маман қалпына сай болуға ұмтылдыру;
- жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

Демек, *дәріс мақсатын жүйелі түйіндеу – сөйлеу арқылы әсер ету нәтижелерін мейлінше анық, белгілі деңгейде көз алдыға келтіру: тыңдаушылар нені түсінуі, меңгеруі тиістігін, олардың көзқарастары, пікірлері, пайымдау деңгейлері қай деңгейде боларын білу.* Әрине, оқу мен тәрбиелік мақсаттар бір-біріне байланыссыз, өз алдына бөлек қойылуы мүмкін емес. Ендеше, олардың даму үстіндегі студентке әсер ету әрекетінің қос қанаты іспеттес қалыпта көрініс берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыдыршаев, А. С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері / А. С. Қыдыршаев. – А. : Білім. – 2000. – 270 б.
2. Михневич, А. Е. Ораторское искусство лектора / А. Е. Михневич. – М. : Наука. – 1986.
3. Толмачев, А. В. Ораторами становятся / А. В. Толмачев – В кн. Наука убеждать. – М. : Молодая гвардия. – 1969.
4. Мурашов, А. А. Основы педагогической риторики / А. А. Мурашов. – М. : Наука. – 1996. – 281 с.
5. Борисова, Н. В. Игра в обучении лекторов / Н. В. Борисова, А. А. Соловьева. – М. : Оратор. – 1989. – 63 с.
6. Вербицкий, А. А. Человек в контексте речи: Формы и методы активного обучения / А. А. Вербицкий. – М. : Знание. – 1990. – 63 с.



О КУЛЬТУРЕ РЕЧИ, ОСНОВЫ И ПРИНЦИПЫ РАЗВИТИЯ РЕЧИ

К. А. Гусманова

Санаторная школа-интернат имени М. Утемисова

Язык – явление общественное. Язык мог возникнуть только в коллективе. Действительно, ребенок научится говорить лишь в том случае, если его окружают люди, говорящие на определенном языке. Изолированный от людей ребенок может физически развиваться, вырастет здоровый и сильный, но говорить не сможет. Язык не дается человеку «от природы», он возникает «из потребности, из настоятельной необходимости общения с другими людьми». Потребность в общении появляется, прежде всего, в процессе совместного труда [1].

Итак, язык неразрывно связан с обществом: он появляется только в обществе и для общества.

Язык выполняет жизненно важную для общества функцию. Основное назначение языка, его функция – быть средством коммуникации в человеческом обществе.

При помощи языка мы сообщаем, друг другу свои мысли, выражаем чувства.

В языке отражены знания, опыт предшествующих поколений. Язык связывает разные поколения людей – отжившие, живущие и будущие. Как единое средство общения язык используют различные возрастные и социальные группы общества.

Итак, общество не может существовать без единого для всех его членов средства связи. Таким универсальным средством является **язык слов** [2].

Особенность языка как общественного явления в том, что он не существует без мышления. **Язык и мышление** возникли одновременно как результат совместной трудовой деятельности первобытных коллективов. Язык так же древен, как и сознание; язык *есть* практическое, существующее для других людей действительное сознание. Связь языка и мышления подтверждается тем, что любое слово (даже части слов – морфемы, суффиксы), а также сочетание слов, предложения имеют какое-то значение, то есть выражают какую-то мысль.

Но язык служит не только для выражения мысли: единицы языка непосредственно участвуют в самом оформлении мысли, в ее формировании. Использование единиц языка в процессе обдумывания, в процессе оформления мысли называется внутренней речью. Внутренняя речь связана с внешней речью, то есть речью для других. Значит, мышление будет развиваться при условии совершенствования речи. Работа по развитию речи будет положительно влиять на развитие мышления, и наоборот, мыслительная работа требует постоянного совершенствования речи. Поэтому работу по развитию речи нельзя отрывать от мыслительной деятельности. Так, например, усваивая новые слова, надо не просто запоминать, как они звучат, или пишутся, главное надо понять, что эти слова обозначают, каково их содержание. Данное условие одинаково важно соблюдать и при развитии родной речи, и при обучении второму языку, в частности русскому. Развитие мышления и развития речи должны осуществляться в тесной связи.

Язык – орудие усвоения знаний. Усваивая язык, человек получает возможность узнавать об окружающем его мире то, что познано другими людьми и даже ранее жившими поколениями. Значит, язык дает возможность обществу и каждому человеку постоянно развиваться, совершенствовать свои познания. Итак, овладение знаниями, опытом, работа мысли человека неосуществимы без применения языка.

Язык под воздействием развития общества сам непрерывно развивается. Процесс развития языка отражается, прежде всего в появлении новых слов для называния новых предметов, явлений действительности. Другие слова становятся устаревшими, так как предметы и явления, обозначенные этими словами, обществу больше не нужны по разным причинам.

Особенности устной речи.

Язык существует в двух формах – устной и письменной. Возникновение устной речи исторически предшествовало появлению письменной. Обе формы мы используем в процессе общения. И устная речь и письменная связаны с нашим мышлением. Между указанными двумя формами существует тесная взаимная связь. Она проявляется в том, что, развивая устную речь, мы готовим почву для успешного развития письменной речи. И наоборот, высокий уровень развития письменной речи положительно влияет на устную. Вместе с тем каждая форма существования языка имеет свои особенности, свои законы употребления.

Устная речь – это звучащая, произносимая речь. Она может служить средством общения только при условии непосредственного контакта общающихся – говорящего и слушающего (или многих слушающих) [3]. Звучащая речь рассчитана на слуховое восприятие. Значит, говорящий должен сразу произносить своё сообщение так, чтобы добиться полного понимания собеседником высказанной мысли. Сообщение говорящего может вызвать различную реакцию слушающего (слушающих).

В зависимости от реакции собеседника говорящему приходится быстро, на ходу изменять свою речь или исправлять неправильно сказанное, то есть самому живо реагировать на то, как воспринята его речь собеседником или слушающими. Времени для обдумывания при устной форме почти нет. Поэтому порядок слов в предложении более свободный, встречаются повторения отдельных слов, словосочетаний и частей предложений, неполные предложения, перебивы, самоперебивы, вводные, вставные и присоединительные конструкции.

Непосредственный контакт с собеседником или слушателями при устном общении создает условия для использования дополнительных средств выражения: *интонации, мимики, жестов* [4].

Интонация в устной речи выполняет очень важную роль. Составными элементами интонации являются *мелодика речи, логическое ударение, тембр речи, темп речи*.

Мелодика создается повышением или понижением голоса в высказывании. Так, повышая голос в конце предложения, мы выражаем мысль в виде вопроса: *Какую книгу ты взяла сегодня в библиотеке? И это всё?* Понижение голоса в конце предложения выражает просто сообщение о каком-либо факте или событии.

Логическое ударение – это выделение голосом одного из слов предложения для усиления его смысловой нагрузки. Выделяя логическим ударением слова в предложении, можно изменить смысл сообщения. Сравним: *Мы изучаем русский язык. Мы **изучаем** русский язык. Мы изучаем **русский** язык.* В первом предложении, выделяя голосом слово *мы*, говорящий сообщает, кто изучает русский язык, во втором предложении содержится сообщение о характере наших действий (логическое ударение на слове *изучаем*), а в третьем – сообщение, какой язык мы изучаем (*русский* – это слово логически выделено).

Важным элементом интонации является *тембр речи*. Тембр – это звуковая окраска речи, средство эмоционально-смысловой выразительности. Тембр помогает подчеркнуть основное в высказывании и передать при этом своё отношение к сообщаемым фактам или явлениям, то есть выразить свои чувства. Значит, тембр должен соответствовать содержанию высказывания. В зависимости от содержания сообщения возможен следующий тембр речи: убеждающий; радостный, грустный, злобный, строгий, ласковый, спокойный, взволнованный, тревожный, торжественный, иронический, юмористический, саркастический; повествовательный, описательный, эпический. Для того чтобы выбрать правильный тембр, надо осознать основную мысль высказывания и цель, ради которой делается данное сообщение.

В понятие интонации включается также *темп речи*: речь может протекать замедленно, паузы между отрезками могут быть длительными; и наоборот, можно произносить слова быстро (скороговоркой), а паузы между отрезками речи делать короткими. Изменением темпа речи говорящий может выразить состояние взволнованности (короткий темп) или раздумья (спокойный темп). Кроме того, следует учитывать степень подготовленности слушающего: если содержание нашего сообщения является новым либо трудным для восприятия собеседником (или слушателями, перед которыми мы выступаем), то темп речи должен быть спокойным или даже медленным. Простые по содержанию сообщения можно произносить более быстрым темпом.

При помощи *интонации* мы выражаем синтаксические отношения между частями предложения: интонация перечисления, интонация вводности, вставки, звательная интонация, предупредительная, пояснительная, сопоставительная. Интонация является единственным средством грамматического членения предложения в устной речи.

Мимика – ещё одно дополнительное средство выражения. Это движения мышц лица, помогающее выразить внутреннее состояние говорящего, его отношение к сообщаемым фактам. В качестве дополнительного средства мимика используется лишь в некоторых разновидностях речи. Так, в диалоге собеседники используют мимику, чтобы подчеркнуть те чувства, которые каждый из них испытывает при разговоре. В речи ораторов мимика тоже может быть дополнительным средством выражения, в лекции или докладе она не играет важной роли, а в официально – деловой беседе она

совсем неуместна. То же самое можно сказать о жесте как дополнительном средстве выразительности устной речи.

